

Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 сәуірде № 10634 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 15.10.2020 № ҚР ДСМ-131/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 155-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;
 - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министрінің м.а.

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова
2015 жылғы 5 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 24 актандары
№ 128 бұйрығымен бекітілген

Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № КР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) міндетті медициналық қарап тексеруді өткізудің тәртібі мен кезеңділігін айқындайды. Осы Қағидаларды жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ ведомстволық қатыстылығына және меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілерінің орындауы міндетті.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылды:

1) алдын ала медициналық тексеріп-қараулар – жұмысқа түру немесе окуға түсу алдында кәсіп немесе оқу бойынша міндеттерін орындауға жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы және кәсіптік аурулардың алдын алу мақсатында жүргізілетін міндетті медициналық тексеріп-қараулар;

2) мерзімдік медициналық тексеріп-қараулар –денсаулық жағдайына динамикалық қадағалауды қамтамасыз ету, аурулардың бастапқы белгілерін уақтылы анықтау, жалпы, кәсіптік, инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізілеін міндетті медициналық тексеріп-қараулар;

3) халықтың декретtelген тобы – айналасындағыларға инфекциялық және паразиттік ауруларды жүктыруы үшін барынша қауіп төндіретін қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін адамдар;

4) жеке медициналық кітапша – халықтың декретtelген тобы өкіліне берілетін, міндетті медициналық тексеріп-қараулар нәтижелері жазылатын жұмысқа рұқсат туралы белгісі бар дербес құжат.

2-тарау. Зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен байланыста жұмыс істейтіндерді міндетті (алдын ала және мерзімдік) медициналық тексеріп-қарауларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Міндепті медициналық тексеріп-қарауларды (алдын ала және мерзімдік) зертханалық және функционалдық зерттеулердің толық көлемін жүзеге асыру үшін білікті мамандармен және материалдық-техникалық ресурстары бар медициналық ұйымдар жүргізеді.

4. Авиациялық персоналды (оқуға түсетін және ұшқыштарды даярлау жөніндегі авиациялық оқыту орталықтарында оқитын адамдар, әуе қозғалысына қызмет көрсететін авиадиспетчерлер, ұшқыштар, бортинженерлер (бортмеханиктер), штурмандар, авиадиспетчерлер, бортжолсеріктер, бортоператорлар, әуесқой ұшқыштар (ұшақ немесе тікұшақ), жеңіл авиация ұшқыштары, бортрадистер) міндепті медициналық тексеріп-қараулар осы Қағидалардың 10-тармағы, 13-тармағының 4-тармақшасы және 14-тармағының талаптарын сақтай отырып, "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 15325 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Параграф 1. Зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен байланыста жұмыс істейтіндерді алдын ала медициналық тексеріп-қарауларды жүргізу тәртібі

5. Міндепті алдын ала медициналық тексеріп-қарауларды жүргізуге қатысатын медициналық ұйымдардың медициналық қызметкерлері қызметкерді тексеріп-қарауды жүзеге асырады және тексерілушіні зертханалық зерттеуге жібереді.

6. Міндепті алдын ала медициналық тексеріп-қараулардың деректері қызметкердің орындайтын жұмысқа (өндірістік практикаға) денсаулық жағдайының сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы қорытындыны ресімдей отырып, амбулаторлық пациенттің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндептін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 6697) тіркелді (бұдан әрі - № 907 Бұйрық) бекітілген 025/е нысан бойынша медициналық картасына енгізіледі.

7. Міндетті алдын ала медициналық тексеріп-қарауларды өткен және зиянды өндірістік факторлары бар жұмысқа жарамды болып танылған тұлғаларға № 907 Бұйрықпен бекітілген 086/е нысан бойынша медициналық анықтама беріледі.

8. Денсаулық жағдайының жұмысты орындау үшін, оның ішінде оқитындардың оқу кезеңін өндірістік практикасында көзделген қажетті талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны оқу орындарында медициналық ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған жауапты медициналық қызметкер қабылдайды.

Параграф 2. Зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен байланыста жұмыс істейтіндерді міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауларды жүргізу тәртібі

9. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауларды жүргізу кезеңділігі: жыл сайынғы медициналық тексеріп-қарау жылына 1 рет.

10. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы (оның ішінде көліктегі) мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері:

1) міндетті медициналық тексеріп-қараулармен толық қамтуға, сапасына және уақтылы өткізуге бақылауды жүзеге асырады;

2) жұмыскерлердің міндетті медициналық тексеріп-қараулары нәтижелерін қорытындылауға қатысады;

3) медициналық ұйымның сұрауы бойынша еңбек жағдайының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын ұсынады.

11. Орындалатын жұмысқа қарсы айғақ болып табылатын инфекциялық немесе паразиттік аурулар диагностикаланған, инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын тасымалдаушылық анықталған жағдайда медициналық ұйымның жауапты медицина қызметкери халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдарына ведомствосының аумақтық бөлімшесіне шұғыл хабарлама жібереді және науқасты емделуі үшін тұратын жері бойынша тиісті емдеу-профилактикалық ұйымына жібереді.

12. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы (оның ішінде көліктегі) мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері тұлғаларды міндетті медициналық тексеріп-қарауды өтпеген жағдайда жұмыстан шеттетеді.

13. Медициналық ұйым:

1) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомстволарымен келісілген міндетті мерзімдік

медициналық тексеріп-қарауға жататын контингенттердің тізімдерін алған кезде міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау өткізу үшін комиссия құрады және дәрігерлік комиссия құрамын, әсер ететін зиянды өндірістік факторлардың ерекшеліктерін есепке ала отырып зертханалық және басқа да зерттеулердің түрі мен көлемін, дәрігерлік комиссия жұмысының уақыты мен мерзімін айқындастын құнтізбелік жоспар құрады. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қараулар өткізетін медицина қызметкері болмағанда және жеткіліксіз болғанда қажетті зерттеулер қызметтің аталған түріне лицензиясы бар басқа медициналық үйымдарда жүргізіледі. Жоспар үйымның әкімшілігімен (жұмыс берушімен) келісіледі;

2) медициналық үйымның басшысы дәрігерлік комиссия құрамын бекітеді, комиссияның тәрағасы кәсіптік патология бойынша кәсіби қайта даярлығы және маман (кәсіптік патолог) сертификаты бар және міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау жүргізуге жауапты болып табылатын дәрігер-кәсіптік патолог болып табылады. Дәрігерлік комиссия құрамына өз мамандықтары шенберінде кәсіптік патология бойынша даярлықтан өткен терапевт, хирург, невропатолог, отоларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог, гинеколог, рентгенолог, функционалдық диагностика бойынша дәрігер, дәрігер-зертханашы медицина қызметкерлері кіреді. Дәрігерлік комиссияның жұмысына қажет болған жағдайда өз мамандықтары шенберінде кәсіптік потология бойынша даярлықтан өткен басқа мамандар да (тіс дәрігері, кардиолог, аллерголог, эндокринолог, фтизиатр, гематолог) тартылады. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауларға қатысатын медицина қызметкерлері жұмыс беруші ұсынған кәсіптік қызметтінің сипаттамасымен және жұмыскерлердің еңбек жағдайымен танысуы тиіс;

3) тоқсан сайын міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауларды өткізу бойынша медициналық үйымның жұмысы туралы жиынтық есепті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы (оның ішінде көліктегі) мемлекеттік орган ведомствашының аумақтық бөлімшесіне ұсынады;

4) міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қараулар аяқталған соң ауыр жұмыстарда, зиянды (өте зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің нәтижелерін қорытындылайды және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 5 данада қорытынды акт жасайды, оны өткізілген міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қараудан кейін құнтізбелік 30 күн ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы (оның ішінде көліктегі) мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне ұсынады. Актіге қосымшаларда басқа жұмысқа ауысу ұсынылған, стационарлық және санаториялық-курорттық емдеу, диеталық тамақтану, динамикалық бақылау көрсетілген адамдардың аты-жөні жазылған

тізім беріледі. Қорытынды актілер қол қойылғаннан кейін орындалуы үшін ұйымның әкімшілігіне, кәсіподақ комитетіне, бақылау үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы (оның ішінде көліктегі) мемлекеттік орган ведомствасының аумақтық бөлімшесіне, жұмыс үшін жұмыс берушінің орналасқан орны бойынша аумақтық медициналық ұйымдарға беріледі, бір данасы міндettі мерзімдік медициналық тексеріп-қарау еткізген медициналық ұйымда қалады;

5) міндettі мерзімдік медициналық тексеріп-қарау деректері деңсаулық сақтау саласындағы № 907 Бұйрығымен бекітілген 025/е нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына және осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына тіркелген қосымша парақта енгізіледі. Бұл ретте, міндettі мерзімдік медициналық тексеріп-қарауға қатысатын әрбір медицина қызметкери кәсіптік жарамдылық туралы өз қорытындысын береді. Амбулаториялық пациенттің медициналық картасының қосымша парагына кәсіптік бағдардың деректері енгізіледі. Жұмыстан шығу және басқа ұйымға ауысу кезінде амбулаториялық пациенттің міндettі медициналық тексеріп-қараулар деректері бар медициналық картасы жаңа жұмыс орны бойынша медициналық ұйымға беріледі. Міндettі мерзімдік медициналық тексеріп-қарау амбулаториялық пациенттің тұратын жері бойынша медициналық картасы немесе оның көшірмесі болған жағдайда жүргізілуі тиіс;

6) медициналық қарап тексеру түріне қарамастан, тұратын жерінің медициналық құжаттамасын есепке ала отырып, дәрігерлік комиссияның кәсіптік жарамдылық туралы сараптамалық қорытындысын ресімдейді. Бұл ретте зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істеуге қарсы айғақ болған адамдарға дәрігерлік комиссияның қорытындысы берілмейді. Сараптама қорытындысы үш жұмыс күні ішінде зиянды өндірістік факторлармен жұмыс істеуге қарсы айғақ болған адам бір мезгілде хабардар етіле отырып, жұмыс берушіге жіберіледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жұмыс беруші:

1) 1 желтоқсаннан кешіктірмей, кейіннен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы (оның ішінде көліктегі) мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен келісе отырып, осы Қағидаларға З-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 175 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 10987 болып тіркелген) Міндettі медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін басшылыққа ала отырып міндettі медициналық қарап тексеруге жататын адамдардың тізімін жасайды;

2) өз қаражаты есебінен мерзімдік медициналық тексеріп-қарау өткізуіді ұйымдастырады;

3) кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйыммен немесе жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша аумақтық медициналық ұйыммен бірлесіп, кәсіптік аурулармен ауыратын және оларға құдікті адамдарды терең зерттеу және кәсіби патология орталықтарына емдеу үшін медициналық ұйымға уақтылы жіберуді қамтамасыз етеді;

4) кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйыммен немесе жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша аумақтық медициналық ұйыммен бірлесіп, жыл сайын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы (оның ішінде көліктегі) мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен келісілген, анықталған науқастарды сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйымның немесе жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша аумақтық медициналық ұйымның міндettі мерзімдік медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша кейін жұмыскердің диспансерлік топтардың біріне тиесілілігін анықтай отырып және кәсіптік аурулардың және әлеуметтік маңызды аурулардың профилактикасы бойынша ұсынымдарды ресімдей отырып – одан әрі бақылау, емдеу және оналту бойынша:

1) оналтуды қажет етпейтін дені сау жұмыскерлер;

2) әртүрлі ағзалары мен жүйелерінде тұрақты емес функционалдық өзгерістері бар, іс жүзінде дені сау жұмыскерлер;

3) жалпы аурулардың бастапқы түрлерімен ауыратын жұмыскерлер;

4) мамандығында жұмысын жалғастыруға қарсы айғақ болып табылатын, сонымен қатар қарсы айғақ болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын түрлері бар жұмыскерлер;

5) организмге зиянды өндірістік факторлар әсерінің белгілері бар жұмыскерлер;

6) кәсіптік аурулардың белгілері бар жұмыскерлер топтар құрылады.

16. Жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша аумақтық медициналық ұйым кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйым болмаған жағдайда одан әрі диспансерлік тексеру үшін жұмыскерлердің тұратын жері бойынша

медициналық ұйымдарға диспансерлік тексерудің қалыптасқан топтарынан тұлғалардың тізімдерін жібереді.

Кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйымда немесе жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша аумақтық медициналық ұйымда міндettі мерзімдік медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша диспансерлік тексеруге әртүрлі ағзалары мен жүйелерінде тұрақты емес функционалдық өзгерістері бар, іс жүзінде дені сау жұмыскерлер, жалпы аурулардың бастапқы түрлерімен ауыратын жұмыскерлер; мамандығында жұмысын жалғастыруға қарсы айғақ болып табылатын және қарсы айғақ болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын түрлері бар жұмыскерлер жатады.

17. Мамандығында жұмысты жалғастыруға қарсы айғақ болып табылатын және қарсы айғақ болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын түрлері бар жұмыскерлер емдеу-оңалту бейініндегі медициналық ұйымдарға оңалтуға жіберіледі, содан кейін оларға қатысты кәсіптік жарамдылыққа сараптау жүргізіледі. Медициналық оңалту кезеңін кейін еңбекке жарамды деп танылған жұмыскерлер жалпы аурулардың алғашқы түрлері бар адамдар тобында диспансерлік бақылауға жатады.

18. Организмге зиянды өндірістік факторлардың әсер ету белгілері және кәсіптік аурулар белгілері бар жұмыскерлер аурудың мамандықпен байланысын белгілеу бойынша қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымға жіберіледі.

19. Кәсіптік аурулармен ауыратын адамдар өнеркәсіптік кәсіпорынға қызмет көрсететін немесе тұратын жері бойынша медициналық ұйымның кәсіптік патологиянда диспансерлік есепте тұрады.

20. Міндettі мерзімдік медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша жұмыскерлерді емдеуге жатқызу мынадай үш негізгі кезеңнен тұратын кезеңдік оңалту қағидалары негізінде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең: өнеркәсіптік кәсіпорындар жанындағы денсаулық сақтау пункттерінде, санаторий-профилакторийлерде іс жүзінде дені сау жұмыскерлерде аурулардың профилактикасы бойынша іс-шаралар;

2) екінші кезең: "тәуекел тобы" адамдарын: сұық тиіп жиі және ұзақ ауыратын, әртүрлі функционалдық бұзылулары бар, жалпы аурулардың алғашқы түрлері бар, кәсіптік аурулардың клиникаға дейінгі белгілері бар адамдарды диспансерлік бақылауды және санаториялық-курорттық сауықтыру кезеңін міндettі түрде қоса отырып, амбулаториялық және стационарлық жағдайларда тұрақты профилактикалық емдеу жолымен медициналық оңалту;

3) үшінші кезең: кәсіптік аурулары бар науқастарды, оның ішінде осы аурулардың салдарынан мүгедек болған адамдарды аурудың мамандықпен

байланысын белгілеу бойынша қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйым жағдайларында, қызметтің осы түріне лицензиясы бар санаторийлік-курорттық сауықтыру орындарында оналту.

21. Кәсіпорындардағы науқастарды, жұмыскерлерді емдеуге жатқызуды және медициналық оналтуды бақылау аумақтық медициналық ұйымдарды және кәсіпорындарға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын медициналық ұйымдарды тарта отырып, облыстық (қалалық) кәсіптік патология кабинеттеріне жүктеледі.

22. Кәсібі бойынша міндеттерді орындауға жарамдылықты анықтау кезінде жалпы медициналық қарсы айғақтарды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3-тaraу. Халықтың декретtelген тобына міндетті медициналық қарап-тексеруді өткізу тәртібі

ЕскеRTу. 3-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № КР ДСМ-9 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырma біr күn өткен соң қолданысқa енгізіледі) бұйрығымен.

23. Міндетті медициналық тексеріп-қарауларды, зертханалық зерттеулерді көрсетілген медициналық қызмет түрлеріне арналған мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдар жүргізеді.

24. Жұмысқa рұқсатты міндетті медициналық тексеріп-қарауларды жүргізуге арналған мемлекеттік лицензиясы бар ұйымдар береді.

25. Міндетті медициналық тексеріп-қарауларды жүзеге асыратын ұйым басшысының бұйрығымен міндетті медициналық тексеріп-қарауларды жүргізуге, жұмысқa рұқсат беруге жауапты тұлғa (терапевт дәрігер) тағайындалады.

26. Міндетті медициналық тексеріп-қараулардың және зертханалық зерттеулердің нәтижелері жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу мен жүргізу тәртібін Кодекстің 155-бап 10-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен медициналық кітапшада жазылады.

27. Инфекциялық немесе паразиттік аурулар диагностикалған, сондай-ақ жұмысты орындауға (іріктеуге) берілетін рұқсатқa қарсы айғақ болып табылатын инфекциялық аурулар қоздырғыштарын тасымалдау анықталған жағдайда рұқсат беруге жауапты тұлғa науқасты емдеу үшін тұрақты мекенжайы бойынша тиісті емдеу-профилактикалық ұйымына жібереді.

28. Декретtelген тұлғаларғa жеке медициналық кітапшаларғa жұмысқa рұқсат беру белгісі қойылған соң жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

29. Жұмыскерлердің жеке медициналық кітапшалары жұмыс орнында сақталуы тиіс.

30. Жауапты тұлға және зертхана мамандары медициналық тексеріп-қараулардың, зертханалық зерттеулердің растығы мен сапасын, сондай-ақ инфекциялық, паразиттік аурулар мен бактерия тасымалдау диагнозы қойылған жағдайда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствасының құрылымдық бөлімшесіне шүғыл хабарлама жіберуді қамтамасыз етеді.

32. Міндепті медициналық тексеріп-қарауларға жататын жұмыскерлердің тізбесі, сондай-ақ эпидемиологиялық маңызды обьектілерде жұмыс істейтін тұлғаларды зертханалық және функционалдық зерттеулердің жиілігі мен көлемі осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген.

33. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Әкімшілік шаруашылық қызметтің жұмыскерлері: бухгалтер, күзетші, аула сыпырушы, күзет қызметі, қызметтік-әкімшілік үй-жайларды жинайтын техникалық персонал халықтың декретtelген тобының тізбесіне кірмейді.

Ескерту. 3-тарау 34-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Эпидемиологиялық маңызды обьектілерде жұмыс істейтін тұлғалардың зертханалық және функциялық зерттеулерінің жиілігі мен көлемі осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес жүргізіледі.

Міндепті медициналық
карап тексеруді өткізу
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

**20__ жылғы _____ тоқсанға мерзімдік медициналық
тексеріп-қарауды жүргізу туралы деңсаулық сақтау субъектісінің есебі**

№	Атауы	Тексеруге жатады		Тексерілді		Кәсіптік ауруларға күдікті адамдар анықталды	
		Барлығы	Әйелдер	Барлығы	Әйелдер	Барлығы	Әйелдер

Соматикалық аурулармен анықталды		Оның ішінде алғаш анықталды		Кажет етеді		Стационарлық тексеруге және емдеуге жіберілді
Барлығы	Әйелдер	Барлығы	Әйелдер	уақытша ауыстыруды	тұрақты ауыстыруды	

Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы _____

Т.А.Ә. Қолы

Міндетті медициналық
карап тексеруді өткізу
қағидаларына 2-көсымша

Нысан

ҚОРЫТЫНДЫ АКТ

20 _____ жылғы "___" _____

20 _____ жылды _____ жұмыскерлеріне
(ұйымның (кәсіпорынның), цехтың атауы)

өткізілген мерзімдік медициналық тексеріп-қарау (зерттеу) нәтижелері
бойынша мыналардың қатысуымен қорытынды акт жасалды:

Дәрігерлік комиссияның төрағасы _____
(Т.А.Ә., лауазымы)

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік орган ведомствоның аумақтық бөлімшесінің
еңбек гигиенасы жөніндегі маманы _____
(Т.А.Ә., лауазымы)

Жұмыс берушінің өкілі _____
еңбек ұжымы өкілінің (Т.А.Ә., лауазымы)

1. Ұйым (кәсіпорын), цех жұмыскерлерінің саны:

барлығы

оның ішінде әйелдер

2. Ұйымның (кәсіпорынның), цехтың зиянды және (немесе) қауіпті
заттармен және өндірістік факторлармен жұмыс істейтін, сондай-ақ
жұмыстардағы* жұмыскерлерінің саны:

барлығы

оның ішінде әйелдер

3. Мерзімдік медициналық тексеріп-қарауға (зерттеуге) жататын
зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен
жұмыс істейтін, сондай-ақ осы жылғы жұмыстардағы жұмыскерлердің саны:

барлығы

оның ішінде әйелдер

4. Мерзімдік медициналық тексеріп-қараудан (зерттеуден) өткен
жұмыскерлер саны:

барлығы

оның ішінде әйелдер

5. Мерзімдік медициналық тексерумен қамтылу %:

барлығы

оның ішінде әйелдер

**6. Мерзімдік медициналық тексеріп-қарауды (зерттеуді)
аяқтамаған/өтпеген жұмыскерлер саны:**

барлығы

оның ішінде әйелдер

**Мерзімдік медициналық тексеріп-қарауды (зерттеуді) аяқтамаған
жұмыскерлердің аты-жөні жазылған тізім:**

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Кәсіпорынның бөлімшесі
1		
2		

**7. Мерзімдік медициналық тексеріп-қараудан (зерттеуден) өтпеген
жұмыскерлер саны:**

барлығы,

оның ішінде әйелдер

оның ішінде себептер бойынша жалпы санын:

уақытша еңбекке жарамсыздық парады

іссапар

кезекті демалыс

жұмыстан босату

өтуден бас тарту

**Мерзімдік медициналық тексеруден (зерттеуден) өтпеген
жұмыскерлердің аты-жөні жазылған тізім:**

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Кәсіпорынның бөлімшесі	Себебі
1			
2			

**8. Осы мерзімдік медициналық тексеріп-қарау (зерттеу)
нәтижелері бойынша қорытынды**

№ 1 жиынтық кесте

Мерзімдік медициналық тексеріп-қарау (зерттеу) нәтижелері

Барлығы
Оның
ішінде
әйелдер

Зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен жұмысқа, жұмыс түрлеріне кәсіптік жарамды адамдар саны *		
Зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен жұмысқа, жұмыс түрлеріне уақытша кәсіптік жарамсыз адамдар саны *		
Зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен жұмысқа, жұмыс түрлеріне тұрақты кәсіптік жарамсыз адамдар саны *		
Толық зерттеуді қажет ететін адамдар саны (қорытынды берілмеген)		
Кәсіптік ауруға құдікті адамдар саны		
Кәсіптік патология орталығында тексеруді қажет ететін адамдар саны		
Амбулаториялық тексеруді және емдеуді қажет ететін адамдар саны		
Стационарлық тексеруді және емдеуді қажет ететін адамдар саны		
Санаторийлік-курорттық емдеуді қажет ететін адамдар саны		
Емдеу-профилактикалық тамақтануды қажет ететін адамдар саны		
Диспансерлік бақылауды қажет ететін адамдар саны		

2 жиынтық кесте

№	Т.А.Ә.	Жынысы	Туган жылы	Учаске	Кәсібі	Зиянды және (немесе) қауіпті заттар және өндірістік факторлар, жұмыс түрлері**	Зиянды және (немесе) қауіпті заттар және өндірістік факторлар, жұмыс түрлерімен жұмыс етілі **	АХЖ-10 бойынша ауру сыныбы, диспансерлік бақылау тобы
1								
2								

Кестенің жалғасы

Ауру алғаш р е т анықталды	Жұмыстарға кәсіптік жарамды *	Жұмыстарға уақытша кәсіптік жарамсыз *	Жұмыстарға тұрақты кәсіптік жарамсыз *	Қорытынды берілген жоқ	Кәсіптік патология орталығында зерттеуді қажет етеді

Кестенің жалғасы

Амбулаториялық тексеруді және емдеуді қажет етеді	Стационарлық тексеруді және емдеуді қажет етеді	Санаторийлік-курорттық емдеуді қажет етеді	Емдеу-профилактикалық тамақтануды қажет етеді	Диспансерлік бақылауды қажет етеді

9. Кәсіптік ауруға құдікті тұлғалар анықталды:

P/c №	Т.А. Ә.	Кәсіпорынның бөлімшесі	Кәсібі, лауазымы	Зиянды және (немесе) қауіпті заттар және өндірістік факторлар
1				
2				

10. Өмірінде бірінші рет соматикалық аурулар анықталды:

№	АХЖ-10 бойынша ауру сыныбы	Жұмыскерлер саны (барлығы)
1		
2		

11. Өмірінде бірінші рет созылмалы кәсіптік аурулар анықталды:

№	АХЖ-10 бойынша ауру сыныбы	Жұмыскерлер саны (барлығы)

12. Жұмыскерлерге өткізілген мерзімдік медициналық тексеріп-қарау (зерттеу) нәтижелері бойынша 20__ жылғы "___" алдыңғы қорытынды актінің ұсынымдарын орындау нәтижелері.

№	Іс-шаралар	Жатқаны (адам)	Орындалды	
			абс.	%-бен
1	Кәсіптік патология орталығында зерттеу			
2	Толық зерттеу			
3	Амбулаториялық емдеу және зерттеу			
4	Стационарлық емдеу және зерттеу			
5	Санаторийлік-курорттық емдеу			
6	Диеталық тамактану			
7	Диспансерлік бакылауга алынды			

13. Жұмыс берушіге ұсынымдар: санитариялық-профилактикалық және сауықтыру іс-шаралары және т.б.: _____

Ескертпе:

* Зиянды факторлар тізбесіне және Жұмыстар тізбесіне сәйкес зиянды және/ немесе қауіпті өндірістік факторлар мен жұмыстар.

** Зиянды факторлар тізбесіне және Жұмыстар тізбесіне сәйкес зиянды және/ немесе қауіпті өндірістік факторлар мен жұмыстар тармақтарын санамалау.

Қолдары:

Дәрігер (кәсіптік патолог, терапевт) _____

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік орган маманы _____

Жұмыс берушінің өкілі _____

Ұйымның кәсіподан қомитетінің өкілі _____

Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы _____

Мөр орны Т.А.Ә _____ Қолы _____

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы

саласындағы мемлекеттік органының басшысы _____

Мөр орны Т.А.Ә _____ Қолы _____

Ұйым басшысы (жұмыс беруші) _____

Мөр орны Т.А.Ә _____ Қолы _____

Ұйымның кәсіподақ комитетінің төрағасы _____

Мөр орны Т.А.Ә _____ Қолы _____

Міндетті медициналық

қарап тексеруді өткізу

қағидаларына З-қосымша

Нысан

Медициналық тексеріп-қараудың қосымша парагы

№ _____

1. Медициналық тексеріп-қарау өткізілген күн _____

2. Кәсіпорынның атауы: _____

3. Құрылымдық бөлімшениң атауы (цех, участке, бөлім, бөлімше және т.б.) _____

4. Жұмысшының Т.А.Ә., туған күні мен жылды, тұратын жері, қазіргі уақыттағы кәсібі немесе лауазымы _____

5. Жалпы жұмыс өтілі _____
(жылдар саны көрсетіледі)

6. Кәсіптегі жұмыс өтілі _____
(жылдар саны көрсетіледі)

7. Қазіргі уақыттағы еңбек жағдайлары

Зиянды және қауіпті өндірістік фактордың атауы	Фактормен жұмыс істеу өтілі (айтуы бойынша)

8. Кәсібі бойынша барлық еңбек жолы

Жұмыстың басталу және аяқталу айы мен жылды	Жұмыс ұзақтығы	Кәсіпорын	Кәсіп

9. Алдын ала (мерзімдік) медициналық тексеріп-қарау (зерттеу) қорытындылары:

P/c №	Тексеріп-қараулар (Орындалу күні)	Тексеру нәтижелері бойынша қорытынды (жарамды, жарамсыз, қорытынды берілмеді)

1			
2			

P/c №	Зерттеулер талдаулар)	(Орындалу күні	Тексеру нәтижелері бойынша қорытынды (жарамды, жарамсыз, корытынды берілмеді)

10. Еңбекке жарамдылық туралы қорытынды: алдын ала медициналық тексеріп-қарау кезінде: жарамды, жарамсыз (керегінің астын сызу керек) мерзімдік медициналық тексеріп-қарау кезінде: өз кәсібі бойынша еңбекке жарамды, басқа жұмысқа ____ ай мерзіміне уақытша ауысу, басқа жұмысқа тұрақты ауысу (керегінің астын сызу керек)

11. Ұсынымдар:

Емханада зерттеу және емдеу; стационарда зерттеу және емдеу; жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымға жіберу; санаторийлік-курорттық емдеуге жіберу (керегінің астын сызу керек)

МО

Берілген күні _____

Комиссия төрағасының қолы

Міндетті медициналық қарап
тексеруді өткізу қағидаларына
3-1-қосымша
Нысан

Міндетті медициналық қарап тексерулерге жататын адамдардың тізімі

Ескерту. Қағида 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

№	ТАӘ	Тұған күні	Жынысы	Объект немесе учаске	Атқаратын лауазымы	Жалпы өтілі	Атқаратын лауазымы бойынша өтілі	Соңғы қарап тексерілген күні	Кәсіптік зияндылығы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Міндетті медициналық қарап
тексеруді өткізу қағидаларына
4-қосымша

Міндетті медициналық дәрігерлік қарап тексерулерге жататын жұмыскерлердің тізбесі, сондай-ақ эпидемиологиялық манызды объектілерде жұмыс істейтін тұлғаларды зертханалық және функционалдық зерттеулердің жиілігі мен көлемі

Ескерту. Қағиданың 4-қосымшасы жана редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№	Орындалатын жұмыстар тізбесі	Алдын ала медициналық қарап тексерулер (жұмысқа түру кезінде)	Мерзімдік медициналық қарап тексерулер	
		Дәрігерлік қарап тексеру, зертханалық және функционалдық зерттеулер	Қарап тексерулердің мерзімділігі	Дәрігерлік қарап тексеру, зертханалық және функционалдық зерттеулер
1	2	3	4	5
1	Қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарау; мерезге зерттеп-қарау	Әрбір 12 айдан кейін	Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау
			Әрбір 6 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына, патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарау; мерезге зерттеп-қарау

			Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау; мерезге зерттеп-қарау	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына; мерезге зерттеп-қарау
2	Тамак өнеркәсібі объектілерінің жұмыскерлері	Эрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау
3	Азық-тұлік сауда объектілерінің жұмыскерлері, азық-тұлік тауарларын тасымалдаумен айналысатын адамдар	Эрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау	Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау;
4		Эрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: ішек

	Кремді-кондитерлік өндірістер мен балалар сүт ас үйлерінің жұмыскерлері	және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау; патогенді стафилококты тасымалдауына зерттеп-қарау; мерезге зерттеп-қарау	Эрбір 6 айдан кейін	инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына, патогенді стафилококты тасымалдауына зерттеп-қарау; мерезге зерттеп-қарау
5	Жолаушыларға қызмет көрсету бойынша ұйымдардың (теміржол вокзалдарының, аэровокзалдардың әуежайлардың, теңіз және өзен вокзалдарының, автовокзалдардың, метрополитендердің) жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография	Эрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография;
6	Жолаушылар поездарының жолсеріктегі, өзен, теңіз және авиакөлік стюарттары	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; мерезге зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау	Эрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; мерезге зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарау
7	Бастауыш, жалпы орта, кәсіптік, жоғары білім беру мекемелерінің, мектептен тыс мекемелердің (балаларға қосымша білім беру мекемелері), компьютер клубтарының жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография	Эрбір 12 айдан кейін (оку жылының басталуы алдында – маусым, шілде, тамыз)	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография;
				Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог;

		Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қаралып; мерезге зерттеп-қаралып; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаудың зерттеп-қаралып; патогенді стафилококты тасымалдаудың зерттеп-қаралып	Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына; мерезге зерттеп-қаралып; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаудың патогенді стафилококты тасымалдаудың зерттеп-қаралып
8	Балалар мән жасөспірімдердің маусымдық сауықтыру ұйымдарының жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қаралып; мерезге зерттеп-қаралып; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаудың зерттеп-қаралып; патогенді стафилококты тасымалдаудың зерттеп-қаралып	Әрбір 12 айдан кейін (маусымның басталуы алдында)
9	Мектепке дейінгі, мектеп-интернаттардың, балалардың жыл бойы жұмыс істейтін сауықтыру ұйымдарының, балалар үйлерінің, отбасылық үлгідегі үйлердің жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қаралып; мерезге зерттеп-қаралып; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаудың зерттеп-қаралып; патогенді стафилококты тасымалдаудың зерттеп-қаралып	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына; мерезге зерттеп-қаралып; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаудың патогенді стафилококты тасымалдаудың зерттеп-қаралып
10	Медициналық ұйымдардың жұмысы инвазиялық рәсімдермен байланысты емес жұмыскерлері (осы қосымшаның 12-тармағында көрсетілген контингентті қоспағанда)	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография, мерезге зерттеп-қаралып; патогенді стафилококкты тасымалдаудың	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография, мерезге зерттеп-қаралып;

		зерттеп-қарады; В вирусты гепатиті және С вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарады	патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарады
11	Медициналық ұйымдардың инвазиялық диагностикалық және емдік рәсімдердің жүргізетін жұмыскерлері, сондай-ақ биологиялық материалмен байланыста болатын медицина жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ; зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарады; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарады; АИТВ 1,2-ге зерттеп-қарады; "B" вирусты гепатиті және "C" вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарады	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарады; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарады; АИТВ 1,2-ге зерттеп-қарады
		Эрбір 6 айдан кейін	"B" вирусты гепатиті және "C" вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарады
12	Перзентханалардың (бөлімшелерінің), балалар ауруханаларының (бөлімшелерінің), жаңа туған сәбилер патологиясы бөлімшелерінің, шала туған сәбилер бөлімшелерінің медицина жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарады; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, A және B паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарады; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарады	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарады; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сузегі, A және B паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қарады; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарады
		Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог ;	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық

13	Биологиялық материалмен байланыста болатын медициналық ұйымдардың кіші персоналы	Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарау; В вирусты гепатиті және С вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарау	Әрбір 12 айдан кейін	зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; патогенді стафилококкты тасымалдауына зерттеп-қарау; В вирусты гепатиті және С вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарау
14	Қызмет көрсету саласының (монашалар, себезгілер, сауналар, шаштараздар, кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, қофамдық әжетханалар) жұмыскерлері, бассейндердің және сумен емдеу орындарының, балшықпен емдеу орындарының, спорт-сауықтыру ұйымдарының жұмыскерлері, конак үйлердің, мотельдердің, жатақханалардың, кемпингтердің менеджерлері, әкімшілері, олардың қабаттарының менгерушілері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына; мерезге зерттеп-қарау	Әрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына; мерезге зерттеп-қарау
15	Сұлулық салондарының, косметологиялық және косметикалық кабинеттердің тері жабындыларының тұтастығын бұза отырып, манипуляцияларды (маникюр, педикюр, косметикалық қызметтерді) жүзеге асыратын жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; В және С вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарау	Әрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт, дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; В және С вирусты гепатиті маркерлеріне зерттеп-қарау
16	Санаторийлердің, демалыс үйлерінің, пансионаттардың, интернаттардың және мұгедектер мен карттар	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт; дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; ішек инфекциялары: дизентерия,	Әрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; мерезге зерттеп-қарау; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қарау; ішек

	үйлерінің жұмыскерлері, үйге келетін медициналық-элеуметтік жұмыскерлер	сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қараяу		инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қараяу
17	Дәріханалардың, фармацевтикалық ұйымдардың (зауыттар, фабрикалар) дәрілік заттарды дайындаумен, ораумен және өткізумен айналысадының жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография	Әрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография
18	Су дайындауға тікелей қатысы бар су құбыры құрылыштарының жұмыскерлері, су құбыры желілеріне қызмет көрсететін адамдар, өндірістік зертханалардың, сумен жабдықтау және кәріз объектілерінің жұмыскерлері	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт; дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына зерттеп-қараяу; мерезге зерттеп-қараяу; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қараяу	Әрбір 12 айдан кейін	Дәрігерлік қарап тексеру: терапевт; дерматовенеролог; Зертханалық және функционалдық зерттеулер: флюорография; гельминт жұмыртқаларына; мерезге зерттеп-қараяу; ішек инфекциялары: дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдауына зерттеп-қараяу
19	Жалпы білім беретін мектептердің, арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқушылары (студенттері) міндетті медициналық қарап тексеруге жататын жұмыскерлер сияқты ұйымдарда практикан өтуді бастаудың алдында және өту кезеңінде	Практикадан өтетін ұйымның санатына сәйкес	Практикадан өтетін ұйымның санатына сәйкес	Практикадан өтетін ұйымның санатына сәйкес